

Азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 14 желтоқсандағы N 588 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 29 желтоқсанда N 14-14-94 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Әділет басқармасының 2010 жылғы 26 мамырдағы N 2163/02 хатымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты қаулының күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы Әділет басқармасының 2010.05.26 N 2163/02 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 1-тармағы 8) тармақшасына және 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 16, 17-баптарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне (С.Арапбаев – келісім бойынша) аудандағы 1993 жылы туылған азаматтарды 2010 жылғы қаңтар–наурыз айлары аралығында шақыру учаскелеріне тіркеуге алу жұмыстарын сапалы жүргізу ұсынылсын.

2. Ауылдық округ және поселке әкімдері міндетті түрде:

1) шақырылуға жататын азаматтарды хабардар ету, оларды кестеге сәйкес шақыру учаскесіне жинауды ұйымдастырып, өз өкілімен бірге келуді қамтамасыз етсін;

2) шақырылуға жататын жастардың тізімін аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне Қазақстан Республикасының Қорғаныс министірлігі белгілеген мерзімде және үлгі бойынша тапсырсын.

3. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың басшыларына азаматтардың негізгі жұмыс орындары бойынша жалақысын сақтай отырып, шақырушыларды әскери есепке алуға байланысты жұмыстарынан (оқуларынан) босату ұсынылсын.

4. Аудандық емханаға (А.Ақшалов – келісім бойынша) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне маман-дәрігерлер бөлінуін ұйымдастырып, қажетті дәрілер мен дәрігерлік құралдар бөлінуін, жастарды тіркеу барысында дәрігерлік куәландырудың сапалылығына бақылау ұйымдастырып, шақырылуға жататын

жастардың дер кезінде тексерілуін және емделуін қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі (М.Сүтімбетов) жастардың дене шынықтыру деңгейін тексеру және спорттық көпшілік жұмысы жағдайын зерттеуді ұйымдастырсын.

6. Аудандық ішкі істер бөліміне (С.Қасымбеков – келісім бойынша):

1) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне 1993 жылы туылған, тұрмыс жағдайы төмен, есірткі заттарына, ішімдікке жақын, қылмыстық іске араласқан азаматтар туралы ақпарат жіберу;

2) шақыру пунктінде азаматтарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің баптарын түсіндіріп, қылмыстың алдын-алу үшін кездесулер ұйымдастыру;

3) шақыру пунктінде қоғамдық тәртіп сақтауды ұйымдастыру;

4) тіркеуге келмей жүрген жастарды анықтап, міндетті түрде шақыру пунктіне келулерін қамтамасыз ету ұсынылсын.

7. Аудандық статистика бөліміне (Б.Қайырбеков – келісім бойынша) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің сұрауы бойынша, белгіленген уақытта және кестеге сәйкес аудандық кәсіпорындар, мекемелер, оқу орындары, кәсіпорындар тізімінің берілуі ұсынылсын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.П.Ралиевке жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің
міндетін уақытша атқарушы Б.Көлбаев
«КЕЛІСІЛДІ»

Түлкібас аудандық емхананың
бас дәрігерінің міндетін атқарушы А.Б.Ақшалов
14 желтоқсан 2009 жыл

Түлкібас аудандық қорғаныс
істер жөніндегі бөлімінің бастығы С.С.Арапбаев
14 желтоқсан 2009 жыл

Түлкібас аудандық
ішкі істер бөлімінің бастығы С.А.Қасымбеков
14 желтоқсан 2009 жыл

Аудандық статистика
бөлімінің бастығы Б.Ж.Қайырбеков
14 желтоқсан 2009 жыл

